



Облыс атауы: Нұр-Сұлтан қаласы

Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Соты (Кассациялық саты)

Жіберуші: Ш А Ж А Н О В А Ж А Н А Р  
АБДРАМАНОВНА

## ХАТ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот төрағасы Ж.Қ.Асановқа

Шажанова Жанар

Абдрамановна

Алғыс хат

Түркістан облысы, Түркістан қалалық сотының судьясы Торгаева Гаухар Алпысбаевнаға азаматтық істі кәсіби, әділ және объективті қарағаны үшін алғыс білдіремін.

2021 жылы А.Н. Джалишеваның талап арызы бойынша азаматтық іс Түркістан облысы, Түркістан қалалық сотының судьясы Г.А.Торгаеваның өндірісіне қабылданған болатын.

Түркістан облысы, Түркістан қалалық сотының судьясы Г.А.Торгаева «Азаматтық істің барлық материалдарын және нотариуспен жасалған заң бұзушылықтарды жан-жақты зерттеп, істі объективті қарағаны үшін, әділ және заңды шешімін шығарған судьяға біздің отбасы мүшелеріміздің, туыстарымыздың атынан алғыс айтқымыз келеді. Бізге әділетсіз қарым - қатынас жасамағаны үшін сотқа рахмет, іс бойынша әр дәлелдемені мұқият қарап, бағалады».

Түркістан қалалық сотының судьясы Торгаева Гаухар Алпысбаевна менің азаматтық ісімді мұқият зерделеп, азаматтық істі қарау кезіндегі жоғары кәсібилігі және өзінің сауаттылығы мен принциптілігін дәлелдеді.

Түркістан қалалық сотының судьясы Торгаева Гаухар Алпысбаевнаға және сот отырысының хатшысына ризашылығымызды білдіреміз, жұмыста табыс және жоғары мақсаттарға қол жеткізуді тілеймін.

Шажанова Жанар Абдрамановна

ШАЖАНОВА ЖАНАР АБДРАМАНОВНА қол қойды



**Қоса берілетін құжаттар тізбесі:**

1. Алғыс хат.docx



**ШАЖАНОВА ЖАНАР АБДРАМАНОВНА қол қойды**

